



Автор: Ақманова Жанерке Оралханқызы

Пән: Математика

Сынып: 2-сынып

Бөлім: Екі таңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту. Жүздіктер. Есептер

Тақырып: Тиімді тәсілмен қосу және азайту. Есепті әртүрлі тәсілмен шығару. Үй тапсырмасы.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	2.1.2.3. ** Қосудың ауыстырымдылық, терімділік қасиеттерін тиімді есептеулер жүргізу үшін қолдану. 2.4.3.1. 100-ге дейінгі сандар, 1000-ға дейінгі жүздіктер тізбектерінің заңдылығын анықтау.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: • тиімді есептеу үшін ауыстырымдылық және терімділік қасиеттерді қолданады. Көпшілік оқушылар: • есептерді әртүрлі тәсілдермен шығарады. Кейбір оқушылар: • әртүрлі тәсілдермен шығару үшін есептер құрастырады
Тілдік мақсаттар:	Пәндік лексика және терминология. Қосудың терімділік қасиеті, тиімді есептеу, есептерді үш тәсілмен шығару. Диалог/жазуға арналған пайдалы сөйлемдер сериясы Талқылау: Тиімді тәсілмен есептеп шығарыңдар Неліктен тиімді екенін түсіндір. Неліктен есепті үш тәсілмен шығаруға болады? Жазу: Есеп шарттарының қысқаша жазбасы, есепті үш тәсілмен шығару, екі таңбалы сандардың сандық өрнектері. Екі таңбалы сандар мен шамаларды қосу және азайту
Күтілетін нәтиже:	- Тиімді есептеу үшін қосудың ауыстырымдылық және терімділік қасиеттерін қолданады. -Есепті әр түрлі тәсілмен шығара алады.
Бағалау критерийлері:	- Тиімді есептеу үшін қосудың ауыстырымдылық және терімділік қасиеттерін қолданады. -Есепті әр түрлі тәсілмен шығара алады.
Құндылықтарды дарыту:	Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау, жауапкершілік, денсаулық сақтау құндылықтары негізінде денсаулық сақтаудағы жеке гигиенаның және тіс күтімінің маңыздылығын оқушы бойында дарыту.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Видео көрсетілім
Пәнаралық байланыс:	Әдебиеттік оқу
Бастапқы білім:	Екі таңбалы сандарды қосу және азайтуды біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (10 мин)	Ұйымдастыру. - Сабақты біз бастаймыз... (оқушылар ары қарай 1 жол өздері құрастырады) - Жаңа сабаққа ену. - Алдар көсе ертегісінен үзінді көрсету. - Бұл кім? - Алдар көсе мультфильмін көргендерің барма? - Алдар көсе не туралы ойланды? - Енді осы мультфильмдегі дәулетті тұратын кім? - Енді, сол байдың 5 бірдей сандықшасы бар екен. Сол 5 сандықшаның ішінде Алдардың арманын орындайтын дүниелер бар. Сол сандықшаны біз қалайда сиқырлап алып алуымыз керек. - Алдардың баспаналы болуына көмектесеміз бе? - Ол үшін мына тақтадағы тұрған сұраққа ойланып жауап беріп көрейік? Мақсат қою (проблемалық жағдай) 5e517bd1db973.png Image not found or type unknown сабақтың мақсатын хабарлау. Тақырыпты ашу. Тақырыппен таныстыру. - Байдың 5 сандығы біздің сыныпқа сиқырланып келіп қалды. - Енді, балалар, осы әрбір сандықтың өзінің тапсырмалары бар. Сол тапсырмаларды орындаған сайын біз Алдарға үй саламыз. - Ол үшін, әр бір сандықтың тапсырмасын орындасақ, осының ішінде әрбір үйдің бөлшегі шығады. - Іске кірістік пе? - Дайынбыз ба? - Тамаша!	видео көрсетілім оқулық 5e517c402fa8a.png Image not found or type unknown 5e517c4e58555.png Image not found or type unknown 5e517c5c9a2d2.png Image not found or type unknown 5e517c9fbde67.png Image not found or type unknown
-----------------------------------	---	--

Сабақтың ортасы (26 мин)	1Т: (Ж. ж) Өзің тиімді тәсілмен есепте. 9+6+1 7+5+3 8+2+9 5+9+5 10+2+8 6+10+4 6+30+4 45+7+3 75+6+4 ҚБ: үлкен жиһаз-есепті қатесіз шығарса орташа жиһаз-есептеуде қателік жіберсе. кішкентай жиһаз-есептеуде көмек қажет етсе. - Барлығымыз дұрыс шығардық, ендеше, үйіміздің 1 бөлшегі іргетасын қаладық. (Үйдің іршетасын апарып ілеміз) 2 Т: (Т.ж) 5e517db166e06.png Image not found or type unknown ҚБ: үлкен жиһаз-есепті қатесіз шығарса орташа жиһаз-есептеуде қателік жіберсе. кішкентай жиһаз-есептеуде көмек қажет етсе. - Өте жақсы, дұрыс шығардыңдар. Енді, біз үйдің келесі бөлшегін қаладық, апарып ілеміз. <u>Сергіту сәті</u> <u>3Т:(Ж.ж) Салыстыру.</u> 5м1см 5дм 11кг 1ц 1сағ6мин 76мин 88л 96л ҚБ: үлкен жиһаз-есепті қатесіз шығарса орташа жиһаз-есептеуде қателік жіберсе. кішкентай жиһаз-есептеуде көмек қажет етсе. - Жарайсыңдар, үйдің келесі бөлшегін қаладық, апарып ілейік! 4Т: (Т.ж) 5e517fe30fde7.png Image not found or type unknown ҚБ: үлкен жиһаз-есепті қатесіз шығарса орташа жиһаз-есептеуде қателік жіберсе. кішкентай жиһаз-есептеуде көмек қажет етсе. - Тапсырма дұрыс орындалды. Ендеше, үйіміздің келесі бөлшегі шатырын тұрғыздық. 5Т: (Ж.ж) Есепті шығар. Алдар көсе қоныс тойға арнап 13 жасыл түсті және одан 12-і артық қызыл түсті шарлар сатып алды. Алдар көсе қоныс тойға барлығы неше шар сатып алды? ҚБ: үлкен жиһаз-есепті қатесіз шығарса орташа жиһаз-есептеуде қателік жіберсе. кішкентай жиһаз-есептеуде көмек қажет етсе. - Келесі, үйдің қандай бөлшегін тұрғыздық? - Дұрыс, шатырын тұрғыздық. - Балалар, үй салу оңай емес екен, иә!? - Үйіміз болды, тақтаға қараймыз. - Алдар көсе көңілді әнін салып, үйіне қарай бет алды.	5e517d3e2102a.png Image not found or type unknown 5e517d3e2102a.png Image not found or type unknown 5e517d6057316.png Image not found or type unknown 5e517d90823ef.png Image not found or type unknown Бағалау бойынша үй жиһаздарының суреті 5e517e044c29a.png Image not found or type unknown 5e517fabd2835.png Image not found or type unknown 3 сандықтағы тапсырма Бағалау бойынша үй жиһаздарының суреті 5e517fc91c734.png Image not found or type unknown 5e5180174d6be.png Image not found or type unknown 4 сандықтағы тапсырма Бағалау бойынша үй жиһаздарының суреті 5e51803307c91.png Image not found or type unknown 5e518065a2b13.png Image not found or type unknown 5 сандықтағы тапсырма Бағалау бойынша үй жиһаздарының суреті 5e5180b2a27e7.png Image not found or type unknown 5e5180bb12072.png Image not found or type unknown
-------------------------------------	--	--

Сабақтың соңы (1 мин)	- Балалар, бағанадан бері біз тапсырманы орындаған сайын не алдық? - Енді балалар, біздің қазақта мынадай, жаңадан үйлі болған адамға, «ілу» деген дәстүр бар. Алдар үйлі болды ғой. «Ілу» деген дәстүр, ол жаңадан үйлі болған адамға қолымыздағы барын сыйлап, сыйлық жасау дәстүрі.	
Рефлексия (3 мин)	- Сондықтан да біздің жаңағы жинаған жиһаздарымыздың артына бүгін сабақта не ұнады, не ұнамады, не түсіндің, не қиын болды, соны тез жазамызда, жиһаздардың барлығын Алдаркөсеміздің үйінің қасына әкелеміз - Ал, енді, Алдар не дейді? - Енді, бізге сол үйді ашып кіретін кілтін Алдар көсеге тапсырайық. - Алдар көсе қоныс тойға дайындалып жатыр. - Келген қонақтарға рақмет! - Сабақ аяқталды. Үйге тапсырма: №5, 17 бет	Оқушылар ҚБ –да алған жиһаздарының артына өз ойларын жазып, Алдардың үйіне апарады. 5e5181be9aa15.png Image not found or type unknown 5e5181ca220d1.png Image not found or type unknown